# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 3 қараша №4360-23-00-2/2498 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қызылора қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**:
«Қалижан» атауымен әрекет етуші Қалижан Фариза Мұратқызы жеке кәсіпкері,
«АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Ақмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы Қызылора қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Қалижан» атауымен әрекет етуші Қалижан Фариза Мұратқызы және жеке кәсіпкер «АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Ақмаржан Мұратбекқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және жеке кәсіпкер «Қалижан» атауымен әрекет етуші Қалижан Фариза Мұратқызынан тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Қалижан» атауымен әрекет етуші Қалижан Фариза Мұратқызы жеке кәсіпкерін шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 03.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 29.12.2023, судья Бержанов К. М., 02.01.2024

Жауапкер «АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Ақмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкерін шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Қалижан» атауымен әрекет етуші Қалижан Фариза Мұратқызы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 2970 (екі мың тоғыз жүз жетпіс) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1814 (бір мың сегіз жүз он төрт) теңге өндірілсін.

Жауапкер «АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Ақмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1725(бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 03.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.12.2023, судья Бержанов К. М., 02.01.2024